**Автор**: Ажибаева Жулдыз Сазанбаевна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Мен - зерттеушімін
**Тақырып**: Қоректік тізбектегі өсімдіктер

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар:экожүйе құрамындағы қоректік тізбек және қоректік торларды құрайтынағзалардысалыстырады. Көпшілік оқушылар:эко жүйелерде мекен ететін ағзалардың қоректік тізбектер мен қоректік тор құрастырады. Кейбір оқушылар:қоректік тізбекті құрайтын жайылымдылық және детриттік түрлерін түсіндіреді |
| Пәнаралық байланыстар | Дүниетану,математика |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі<br>«Артық сөзді тап»<br>Миға шабуыл: Біздің әлем - кездейсоқ емес, әрбір заттың ЖҮЙЕСІ бар.<br>Тірі табиғаттың қандай жүйесі жайлы айтылған?<br>Оқушылар бір – бірімен талқылып, жауаптарын ұсынады.<br>О: Қоректік тізбек Жаңа тақырыпқа шығу:<br>Қоректік тізбек Оқушылармен бірге сабақтың мақсатын анықтау<br>Пәндік лексика және терминология | презентация |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Сабақ ортасы | Жаңа сабақ:<br>Қоректік тізбек - ағзалардың бір – бірімен қоректені барысындағы қатынастары Трофикалық (қоректік) деңгей:<br>• Бірінші қоректік деңгей - продуценттер<br>• Екінші қоректік деңгей - өсімдік қоректі жануарлар немесе фитофагтар (бірінші реттік консументтер).<br>• Үшінші қоректік деңгей - өсімдік қоректі жануарлармен қоректенетін жыртқыштар (екінші реттік консументтер).<br>• Төртінші қоректік деңгей - екінші реттік жыртқыштар (үшінші реттік тұтынушылар).<br>• Ыдыратушы организмдер екінші деңгейден бастап барлық деңгейде кездеседі.<br>«Атом және молекула» ойыны арқылы оқушыларды 3 топқа бөлу. Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша оқушылар іс әрекеттерді қайталайды. (Мысалы, атомдар шынтақтары арқылы екі-екіден бірікті, аяқтары қолдары арқылы үш-үштен бірікті).<br>Әр топқа әр түрлі трофикалық деңгейге жататын ағзалардың суретін таратып беру. Осы суреттерді қолдана отырып қоректік тізбек жасауын сұрау. Тапсырманы бағалау үшін оқушылармен бірге бағалау критерийлерін анықтау.<br>Бағалау критерийі:<br>• Берілген ағзалардың аттары анықталады;<br>• Ағзалардың қоректену типі анықталады;<br>• Ағзаларды қоректік тізбектегі пирамида бойынша орналастырады.<br>• Регламентті сақтау.<br><br>Әр топ өз жұмыстарын ортаға салып, талқылайды. Қалған топтар бағалау критерийлері бойынша бағалайды. Өзара бағалау: «Сэндвич». Оқушыларға стикер таратылып, топтардың жұмысын бағалау үшін 1 жағымды жағын, 1 нашар жағын, 1 ұсыныс білдіру қажет. ФБ: (топтық тапсырма) ең жақсы баяндамашыны жұдырық және алақан арқылы бағалаймыз. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет арқылы мағынаны ашу. Бұл қандай ағаштың жапырақтары<br>Топтық жұмыс.<br>Қоректік тізбекті құрайтын ағзаларды салыстырыңыздар және трофикалық (қоректік)деңгейді анықтаңыздар:<br>1 топ- тұтынушылар<br>2 топ- ыдыратушылар қоректік деңгей:<br>I.<br>1.продуценттер<br>2.өсімдік қоректі жануарлар немесе фитофагтар (бірінші реттік консументтер)<br>II.<br>1.өсімдік қоректі жануарлармен қоректенетін жыртқыштар (екінші реттік консументтер)<br>2. екінші реттік жыртқыштар (үшінші реттік тұтынушылар)<br>**Дескриптор:**<br>1.қоректік тізбекті құрайтын ағзаларды ажыратады<br>2.Қоректік тізбекке кіретінағзалардың тізбекте орналасу ретін біледі.<br>Кері байланыс: смайлик арқылы<br>2. Тапсырма . «Ойлан, тап» әдісі. Жұппен жұмыс Берілген суреттер бойынша қоректік тізбек құрастырыңыздар және мекен ету ортасына байланысты қысқа және ұзын тізбекті анықтаңыздар:<br>Image not found or type unknown<br>Құрлықтағы қоректену тізбегі қысқа (3-4 буыннан тұрады).<br>Мысалы: ағаш- құрт- құс- жыртқыш құс. Су ортасындағы (ұзын).<br>Фиопланктон- зоопланктон-майда балықтар- жыртқыш балықтар- адам.<br>Дескриптор:<br>1. қоректік тізбек пен қоректік тордықұрастырады.<br>2. мекен ету ортасына байланысты тізбекті анықтайды.<br>Кері байланыс: «Чемодан, қоқыс жәшігі, еттартқыш» әдісі арқылы | презентация<br><br>Топтық тапсырмалар |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Рефлексия: Ойын. Табиғаттан нені үйрендім?  - Мен күннен мейірімділікті үйрендім (күнді салу) - Мен судан тазалықты үйрендім (суды салу) - Мен әдемі гүлдерден нәзік болуды үйрендім (гүлді салу) - Мен ағаштан мықты, төзімді болуды үйрендім (ағаштың суреті) - Мен табиғаттан қайырымдылықты үйрендім (құсты бейнелеу) - Мен табиғатты қорғауды үйрендім (шөпті бейнелеу) - Міне балалар, білімдеріңмен еліміздің бірнеше жерлерін гүлдендірдіңдер. Ең көп еңбек сіңірген топты атау, бағалау. | Әзірленген үлгілер |